

## Республиканың бірқатар алтын және полиметалл кен орындарының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 15 ақпандағы N 164-а

LMI, S.A. Switzerland (Indipendance S.A.) компаниясы тарапынан Сузdalь, Мизек, Светинское, Думан-Шуақ, Гагаринское, Шатыркөл, Жайсан, Родниковое, Шәймерден, Варваринское, Павловское және Самарское алтын, күміс және тұсті металдар кен орындарын барлау, игеру және дамыту үшін кредит беру жөніндегі міндеттемелердің орындалмауына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі (С.Дәукеев) "Байбұлак" бірлескен кәсіпорнына аталған кен орындарына берілген лицензияларды қайтарып алсын және тау-кен бөліктерін беруді рәсімдеуді тоқтатсын.

2. Светинское, Думан-Шуақ, Гагаринское, Шатыркөл, Жайсан кен орындары Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 22 қыркүйектегі N 420 өкімімен жарияланған тендер тізімінде қалпына келтірілсін.

3. Семей, Жамбыл, Қарағанды және Қостанай облыстарының

әкімдері тиісті аумақтардағы аталған кен орындарына "Байбұлак" бірлескен кәсіпорнына жер бөліп беруді рәсімдеуді тоқтататын болсын.

4. "Байбұлак" бірлескен кәсіпорнымен алтын және полиметалл кен орындарын барлау және игеру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 қантардағы N 29 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК